

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән
География
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Еуропаның аяқ-киім шығарудағы 1-ші орын алатын елі

- A) Испания
- B) Италия
- C) Португалия
- D) Австрия
- E) Андорра

2. Бүкіл адамзаттың қазіргі даму кезеңі мен болашағына қауіп төндіретін және оларды шешуге бірігіп күш жұмсауын талап ететін проблемалар

- A) шикізаттық
- B) энергетикалық
- C) экологиялық
- D) ғаламдық
- E) демографиялық

3. Африканың монархиялық елдері

- A) Намибия, Ангола, Гана
- B) Нигер, Руанда, Сомали
- C) ОАР, Мозамбик, Нигерия
- D) Лесото, Свазиленд, Марокко
- E) Эфиопия, Египет, Либерия

4. Ғаламдық проблемалардың ең біріншісі

- A) бейбітшілік пен қарусыздану
- B) энергетикалық және шикізат
- C) демографиялық жағдай
- D) ғарышты бейбіт игеру
- E) экологиялық жағдай

5. Латын Америкасының қант құрағын өсіруден жетекші елі

- A) Чили
- B) Эквадор
- C) Гаити
- D) Куба
- E) Суринам

6. Батыс Еуропаның әкімшілік-аумақтық құрылымына қарай 16 жер иелігінен тұратын мемлекеті

- A) Франция
- B) Италия
- C) Испания
- D) Италия
- E) Германия

7. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Африкадағы отар елдердің пайыздық мөлшері

- A) 85%
- B) 60%
- C) 98%
- D) 75%
- E) 90%

8. Рекреациялық ресурстардың түрлері

- A) Жанатын пайдалы қазбалар
- B) Минералдық, су, жер
- C) Биоотын, ядролық шикізат, өсімдік
- D) Орман, балық, энергетикалық
- E) Демалыс, емделу, туризм

9. Саяси картадағы ірі оқиға «Африка жылы» қай жылы басталды

- A) 1937 ж
- B) 1941ж
- C) 1960 ж
- D) 1970 ж
- E) 1990 ж

10. Канада мемлекетінің әкімшілік-аумақтық құрылымы

- A) 8 провинция және 5 аумақ
- B) 9 провинция және 4 аумақ
- C) 10 провинция және 3 аумақ
- D) 11 провинция және 2 аумақ
- E) 12 провинция және 1 аумақ

11. Канада мемлекеті халқының негізгі ұлттық құрамы

- A) ағылшын-канадалықтар және француз-канадалықтар
- B) ағылшын-канадалықтар және неміс-канадалықтар
- C) ағылшын-канадалықтар және испан-канадалықтар
- D) ағылшын-канадалықтар және ирланд-канадалықтар
- E) ағылшын-канадалықтар және финндық-канадалықтар

12. Адамның шығу тегі мен даму ерекшеліктерін зерттейтін ғылым

- A) Биология
- B) Антропометрия
- C) Демография
- D) Әлеуметтану
- E) Антропология

13. Технология мен техниканың өте жылдам, түбегейлі, сапалы өзгерісі

- A) Жасыл революция
- B) Индустрияландыру
- C) Инвестиция
- D) Ғылыми-техникалық революция
- E) Экспанция

14. Африканың туристтік және демалыс аймақтары мен туристтік нысандар басым елдері

- A) Конго, Чад, Мадагаскар
- B) Ангола, Либерия, Судан
- C) Сомали, Мали, Нигерия
- D) Алжир, Тунис, Ливия
- E) Марокко, Тунис, Египет

15. Кофе дақылының отаны саналатын Африкалық мемлекет

- A) ОАР
- B) Кения
- C) Эфиопия
- D) Нигер
- E) Эритрея

16. Тәуелсіз Қазақстанда алғаш рет халық санағы өткен жыл

- A) 1991 ж
- B) 1995 ж
- C) 1999 ж
- D) 2000 ж
- E) 2009 ж

17. Өндіргіш күштердің орналасуының негізгі факторлары

- A) Экологиялық, инвестициялық, экономикалық
- B) Демографиялық, статистикалық, көші-қон
- C) Технологиялық, сейсмикалық, рекреациялық
- D) Ресурстық, эконом-географиялық, әлеуметтік
- E) Аумақтық, табиғи ресурстық, еңбек қоры

18. Оңтүстік Шығыс Азия аймағына кіретін монархиялық елдер

- A) Бруней, Камбоджа, Малайзия, Тайланд
- B) Индонезия, Сингапур, Тайвань, Мьянма
- C) Вьетнам, Лаос, Филиппин, Камбоджа
- D) Бангладеш, Мьянма, Вьетнам, Бруней
- E) Малайзия, Филиппин, Мьянма, Лаос

19. Оңтүстік Азия елдері ішінде ауыл шаруашылығымен қатар өнеркәсібі жетекші орын алатын елдер

- A) Үндістан және Пәкістан
- B) Бангладеш және Непал
- C) Бутан және Шри-Ланка
- D) Мальдив және Непал
- E) Ауғанстан және Бутан

20. Лондон, Нью-Йорк, Цюрих, Люксембург, Сингапур, Майндағы Франкфурт қалаларына ортақ ерекшелік

- A) дүние жүзінің басты қаржы орталықтарына кіретін қалалар
- B) дүние жүзінің басты сауда орталықтарына кіретін қалалар
- C) дүние жүзінің басты портты орталықтарына кіретін қалалар
- D) дүние жүзінің басты кеден орталықтарына кіретін қалалар
- E) дүние жүзінің басты туризм орталықтарына кіретін қалалар

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән бойынша тест аяқталды.

2-БЛОК: Арнайы пән
Туристтік қызметті ұйымдастыру
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Сақтандыру туристтік полисін ұсынады:

- A) Дүниежүзілік Туристтік ұйым
- B) Бизнес орталықтар
- C) Сақтандыру компаниялары
- D) Жоғарғы оқу орындары
- E) Қонақ үй менеджерлері

2. Автокөлікшілерге арналған қонақ үйі:

- A) Турбаза
- B) Ротель
- C) Отель
- D) Ботель
- E) Мотель

3. Нарықты жекелеген тұтынушылар топтарына бөлу:

- A) нарықты зерттеу
- B) нарықты қорғау
- C) нарықты талдау
- D) нарықты болжау
- E) нарықты сегменттеу

4. Заңды және жеке тұлғалардан мемлекетке бөлінетін міндетті төлем:

- A) салық
- B) рента
- C) роялти
- D) алғашқы төлем
- E) жеңілдік

5. Эмоционалды жарнама:

- A) Клиенттің эмоциясына әсер ететін жарнама
- B) Жеке турфирманың жарнамасы
- C) Ақпараттық жарнама
- D) Халықаралық жарнама
- E) Мемлекет ішіндегі жарнама

6. Тарату құралдары бойынша жарнама бөлінеді:

- A) Тиімді және эмоционалды
- B) Селективті және престижді
- C) Баспасөз, радио-тележарнама
- D) Жеке турфирманың атынан және бірлескен
- E) Эмоционалды және селективті

7. Тур - бұл:

- A) Туристің трансфері
- B) Туристік өнімнің міндетті бөлігі
- C) Қосымша туристік-экскурсиялық қызметтер
- D) Туристік тауарлар
- E) Туристің орналасуы мен тамақтануы

8. Туристік пакет - бұл:

- A) Турдың міндетті бөлігі
- B) Туристің трансфері
- C) Туристің орналасуы мен тамақтануы
- D) Міндетті экскурсиялық бағдарлама
- E) Қосымша туристік-экскурсиялық қызметтер

9. Туризм халық шаруашылығының саласы ретінде бағытталады:

- A) Еңбек ресурстар ауданына
- B) Өндіріс тауарлар тұтыну ауданына
- C) Жастар көп шоғырланған аудандарға
- D) Табиғи ресурстар ауданына
- E) Отын ресурстар ауданына

10. Туристік жолдама – бұл:

- A) Басқа мемлекетке кіруге құқығын дәлелдейтін құжат
- B) Туристік қызмет көрсету кешенін алуға құқықты растайтын құжат
- C) Әсем безендірілген жол көрсеткіші
- D) Туристерге арналаған ережелер жинағы
- E) Туристік фирманың жұмысшыларына арналаған ережелер жинағы

11. Туристік өнімді көрсетіп таныстыру – бұл:

- A) Көрме
- B) Биржа
- C) Жәрмеңке
- D) Салон
- E) Дүкен

12. 1841 жылы алғашқы туристік саяхатты ұйымдастырғанда Томас Куктың пайдаланған көлігі:

- A) темір жол көлігі
- B) әуе көлігі
- C) теңіз көлігі
- D) өзен көлігі
- E) автокөлік

13. Келушілердің саны бойынша бірінші орындағы туристік аймақ:

- A) Америка
- B) Африка
- C) Таяу Шығыс
- D) Еуропа
- E) Шығыс Азия - Тынық мұхит аймағы

14. Туристік келушілер бойынша бірінші орындағы мемлекет:

- A) Италия
- B) Франция
- C) Германия
- D) Ұлыбритания
- E) АҚШ

15. Селективті жарнама:

- A) Халықаралық жарнама
- B) Ақпараттық жарнама
- C) Елдің бір аймағындағы жарнама
- D) Клиенттің эмоциясына әсер ететін жарнама
- E) Тұтынушылардың белгілі бір тобына арналған жарнама

16. Туристік шаруашылық – бұл:

- A) Табиғи және мәдени-тарихи ескерткіштердің саны
- B) Емдік қасиеті бар орындардың саны
- C) Туристерге қызмет көрсететін өндіріс пен салалар жиынтығы
- D) Туристік кәсіпорындар мен ұйымдар жиынтығы
- E) Туристік құндылықтар мен қызметтер жиынтығы

17. 27 қыркүйек Дүниежүзілік туризм күні ретінде жариялау шешімін қабылдаған:

- A) ДТҰ Бас Ассамблеясы, 1980 ж
- B) БҰҰ Бас Ассамблеясы, 1969 ж
- C) ДТҰ Атқару кеңесі, 1970 ж
- D) ДТҰ Хатшылығы, 1975 ж
- E) ДТҰ Бас Ассамблеясы, 1985 ж

18. БҰҰ-ның Туризм және саяхат бойынша I конференциясы өткізілген орны мен жылы:

- A) Рим, 1963 ж
- B) Париж, 1965 ж
- C) Токио, 1974 ж
- D) София, 1985 ж
- E) Рио-де-Жанейро, 1992

19. Шығу туризмі ұғымы:

- A) Басқа мемлекеттен келген адамның біздің еліміздегі саяхаты
- B) Бір елде тұрақты тұратын адамның басқа елге саяхаты
- C) Осы елде тұрақты тұрмайтын адамның саяхаты
- D) Адамның өз елінің ішіндегі саяхаты
- E) Азаматтығы жоқ адамның елдегі саяхаты

20. Туристік ағым – бұл:

- A) Елге туристтердің жаяу келуі
- B) Елге туристтердің көлікпен келуі
- C) Елге туристтердің мезгілмен келуі
- D) Бес жылдың ішінде туристтердің елге келуі
- E) Он жылдың ішінде туристтердің елге келуі

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар

21. АҚШ-тың көрікті орындары:

- A) Диснейленд
- B) Үлкен Каньон
- C) Ниагар сарқырамасы
- D) Нотр дам де пари соборы
- E) Хевиз көлі
- F) Әулие Петр соборы
- G) Игуасу сарқырамасы
- H) Бәйтерек монументі

22. Туристік қызметті мемлекеттік реттеудің құралдары:

- A) Жоспарлау
- B) Жылжыту
- C) Дифференциациялау
- D) Классификациялау
- E) Бақылау
- F) Лицензиялау
- G) Сақтандыру
- H) Сертификациялау

23. Қозғалу тәсілі бойынша туристік маршруттар жіктеледі:

- A) Жорық
- B) Жағажайдағы демалыс
- C) Белсенді қозғалыс
- D) Көлік құралдар арқылы қозғалыс
- E) Жазғы демалыс
- F) Ішкі саяхат
- G) Халықаралық саяхат
- H) Қаладағы саяхат

24. Маршрут трассасы бойынша туристік маршруттар жіктеледі:

- A) Сызықтық
- B) Радиалды
- C) Шеңберлі
- D) Нүктелі
- E) Жазғы демалыс
- F) Қала бойынша
- G) Халықаралық саяхат
- H) Белсенді саяхат

25. Туристік формальдылықтар:

- A) салықтық
- B) визалық
- C) кедендік
- D) экологиялық
- E) медициналық
- F) реэспорттық

26. Туристік жолдамада көрсетіледі:

- A) Туристің баратын елі
- B) Турист баратын елдегі ауа райы туралы ақпарат
- C) Туристі орналастыру шарты
- D) Турист баратын елдегі туысқандарының саны
- E) Турист баратын елінің экономикасы туралы ақпарат
- F) Туристің білім деңгейі

27. Негізгі туристік қызметтер:

- A) сауықтыру
- B) көліктік
- C) медициналық
- D) мәдени-ойын-сауық
- E) орналастыру
- F) сауда
- G) тамақтандыру

28. Туристік қызметтер түрлері:

- A) негізгі
- B) қосымша
- C) қосалқы
- D) қажетті
- E) қалаулы
- F) талаптық

29. Лицензияны алу үшін керекті құжаттар:

- A) Мемлекеттік реттеу туралы куәліктің көшірмесі
- B) «Лицензиялау туралы» Заңның көшірмесі
- C) Біліктілік талаптарына сәйкес құжаттар
- D) Біліктілікті көтеру курсының сертификаты
- E) Жоғары білім туралы дипломның көшірмесі
- F) Жалпы орта білім туралы аттестат
- G) Саяхатшылардың құжаттары

30. Қызмет көлемі бойынша лицензиялардың түрлері:

- A) Бас лицензия
- B) Операциялық
- C) Біржолғы
- D) Мерзімсіз
- E) Мерзімаралық
- F) Әлемдік
- G) Біліктілік

Жағдаяттық тапсырмалар
1-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Томас Кук



Ұлы саяхатшы Томас Куктың туризмге қосқан үлесі мол. Ол қазіргі таңда тек жеке фирмалар ғана емес, бүкіл мемлекеттерді байытып отырған ең пайдалы бизнес түрін ашты. Яғни туризмді ойлап тапты. Туризмнің алғашқы қадамдары XVII-XVIII ғасырларда басталды. Ең бірінші туристік саяхат Англияда пайда болған. Томас Куктың арқасында алғашқы жаппай туристік саяхат ұйымдастырылды, алғашқы әлемдік Жер шарын айналу саяхаты жасалынды. Томас Кук ең алғашқы болып туристік маркетинг пен менеджментке жол ашты. Сол үшін Кук бірінші туризм менеджері болып саналады.

31. 1863 жылы Томас Кук саяхат ұйымдастырды:

- А) Швейцарияға
- В) Швецияға
- С) Америкаға
- Д) Испанияға
- Е) Францияға

32. Алғашқы туристтік өнімді (тур) ұсынған:

- A) М. Клаусон
- B) Р. Браун
- C) Т.Кук
- D) Р. Глюксман
- E) Д. Мидж

33. Бұл саяхатшылар алғашқы «туристтер» деп аталынды:

- A) Пилигримдер
- B) Миссионерлер
- C) Саясаткерлер
- D) Ежелгі гректер
- E) Әскерилер

34. Т. Куктың алғашқы жаппай туристтік саяхатының маршруты:

- A) Лондон-Бирменгем
- B) Ливерпуль-Шефилд
- C) Лейстер-Лафборо
- D) Манчестер-Эдинбург
- E) Лейстер-Манчестер

35. Ресімі негізде алғашқы “круиздік туризмді” ұйымдастырған:

- A) В. Унцикер, Швейцарияда
- B) Т. Кук Англияда
- C) П. Перукка Римде
- D) К. Ризель Германияда
- E) Д. Мидж, Францияда

2-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Экскурсия

Экскурсия қызметі барлық маршруттарда туристтерге көрсетіледі. Автобус, пойыз немесе кемемен саяхат жасағанда, әрбір аялдамасында туристтерді экскурсия жүргізушілері күтіп тұрады. Олар туристтерге қызықты жерлер туралы толық мәлімет береді, олай болмаған жағдайда саяхат өзінің мәнін жоғалтар еді. Экскурсиялардың тақырыптары қызықты, мазмұнды және алуан түрлі болуы қажет.

Әрбір туристік саяхаттың міндетті бөлігі бола тұра, экскурсия оның танымдық мағынасын қамтамасыз етеді. Экскурсиялар туристі қызықтыратын жерлер туралы қажетті ақпарат беріп тұрмаса қандай да болсын саяхат не сапар қызықсыз, ішті пыстыратын әрекетке айналар еді. Осындай ақпарат беру қасиетімен бірге экскурсия жұртқа мәдени-бұқаралық қызмет көрсетуінің бір түрі болып табылады. Экскурсиялар елдің саяси, экономикалық және мәдени өміріндегі оқиғалар жөніндегі мағлұматтарды туристерге жеткізуі тиіс. Олардың тақырыптары кең ауқымды және әртүрлі.



36. Тақырып бойынша экскурсиялар бөлінеді:

- A) қалалық және қала сыртында
- B) шолу және тақырыптық
- C) жаяу және көлік құралдарын қолдануымен
- D) шолу және қала сыртында
- E) табиғи және тарихи

37. Мазмұны бойынша экскурсиялар бөлінеді:

- A) шолу және тақырыптық
- B) табиғи және тарихи
- C) қалалық және қала сыртында
- D) жаяу және көлік құралдарын қолдануымен
- E) әдеби және қалалық

38. Дүниежүзілік туризм ұйымының (ЮНВТО) жіктеуі бойынша біркүндік келушілерді жатқызады:

- A) Ұзақ сапарлы (транзитті) жолаушыларға
- B) Экскурсанттарға
- C) Туристерге
- D) Уақытша мигранттарға
- E) Көшпенділерге

39. Экскурсия барысында бастапқы болып саналады:

- A) Баяндау
- B) Әңгіме
- C) Көрсету
- D) Қызмет көрсету
- E) Насихаттау

40. Экскурсия – бұл:

- A) Өз бетімен білім алу үрдісі
- B) Қоршаған ортаны танып білуге арналған мақсатты үрдіс
- C) Оқуға дайындалуға арналған үрдіс
- D) Туристік саланы жоспарлаудың әдісі
- E) Туристік-рекреациялық ресурстарды бағалау әдісі

2-БЛОК: Арнайы пән бойынша тест аяқталды.